Алматы қаласының электр көлігінде жасы бойынша зейнеткерлер үшін жеңілдік жолақысын енгізу туралы

Күшін жойған

II сайланған Алматы қалалық Мәслихатының III сессиясының 1999 жылғы 15 желтоқсандағы шешімі. Алматы қалалық Әділет басқармасымен 2000 жылғы 11 қаңтарда N 94 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2011 жылғы 18 қаңтардағы N 395 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - IV сайланған Алматы қаласы мәслихатының XXXVI сессиясының 2011.01.18 N 395 шешімімен (қолданысқа енгізілу тәртібін 6-т. қараңыз).

Халықтың тұрмысы нашар жіктерін (зейнеткерлерді) әлеуметтік қолдау мақсатында II-сайланған Алматы қалалық Мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ұсыныстар қабылдансын:

а) қалалық Жолаушылар тасымалдау кәсіпорнының Алматы қаласының аумағында тұрақты тұратын және арнайы мемлекеттік жәрдем алу құқығы бар адамдардың тізбесіне енбеген жасы бойынша зейнеткерлер үшін жолақысының құнын 50 процентке азайту туралы.

б) "Алматыэлектркөлік" КМК-ның 2000 жылдың 1 қаңтарынан бастап Алматы қаласының аумағында тұрақты тұратын және арнайы мемлекеттік жәрдем алу құқығы бар адамдардың тізбесіне енбеген жасы бойынша зейнеткерлер үшін құны 400 теңге жеңілдік жол жүру билетін енгізу туралы.

2. Экономика және өндірісті дамыту жөніндегі тұрақты депутаттық комиссия II-сайланған Алматы қалалық Мәслихаты депутаттарының, Алматы қаласы Әкімі қызметкерлерінің, көлік және ардагерлер ұйымдары өкілдері қатарынан жұмыс тобын құратын болсын. Жұмыс тобы айлық мерзімде қолданыстағы заңға сәйкес жеңілдік салық салу жолымен Жолаушылар тасымал кәсіпорны мен " Алматыэлектркөлік" КМК ақша қаражатын өтеу мүмкіндігі туралы мәселені зерттесін, қала көлігінің маршруттары бойынша зейнеткерлер осы санатының жүруіне есеп жүргізсін және II-сайланған Алматы қалалық Мәслихаты кезекті сессиясының қарауына ұсыныстар енгізсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау экономика және өндірісті дамыту жөніндегі тұрақты депутаттық комиссияға (А.И.Шелипанов) жүктелсін.

II-сайланған Алматы қалалық Мәслихаты III-ші сессиясының»

төрағасы

II-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының хатшысы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК